

«Dariya» балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының
№1 хаттамасы

02 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдірісті жаңа жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары.
а) Перспективалық жоспар.
2. МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Жакупова Г.З. жаңа оқу жылындағы білім беру үдірісінің басты бағыттарына тоқталды. ҚР Оқу – ағарту министрінің нұсқаулық – әдістемелік хатындағы өзгерістерді таныстырды.

Тәрбиешілердің дайындық жұмыстары, топтарды безендіру, дамытушы ортаны жасақтау және МЖ МБС талаптарының орындалуы туралы айтты. Жаңа оқу жылында балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау басты назарда екенін ескертті.

Сонымен қатар әдіскер педагогтердің жүргізетін міндетті құжаттар тізімін және оларды толтыру талаптарын түсіндірді.

Негізгі талаптар:

- Перспективалық жоспарды сауатты және уақытылы құру.
- Циклограмманы балалардың жас ерекшелігіне сай апта сайын толтыру.
- Құжаттарды өшіруге, түзетуге жол бермеу, мемлекеттік тілде сауатты толтыру.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңес отырысының екінші сұрағы бойынша әдіскер сөз алды. Ол мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі қағидаларына тоқталды. Оның ішінде:

- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Тәрбие мен оқытудың біроігі;
- Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау.

Сөз алды:

Әдіскер – Жакупова Г.З. алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін «Тілдер мерекесіне» барлық топтарда тақырыптық тәрбие шаралары ұйымдастырылсын және ата – аналарға мәліметтер берілсін. Жылда дәстүрлі түрде өтетін Абай күніне байланысты «Бес нәрседен қашық бол, бес

нәрсеге асық бол» тәрбие сағатына дайындық басталсын. Әрбір мерекенің тәрбиенушілерге тәрбиелік мәні зор. Сонымен қатар биыл жаңа оқу бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтарына ерекше мән берілетіні туралы және балалардың еркін ойын түрінде іс – әрекеттер жүргізілуі бақылатыны туралы айтылды

Қаулы:

1. Жаңа оқу жылына педагогикалық үдірістің дайындағы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Барлық педагогтарға міндетті құжаттарды бекітілген талаптарға сай, сауатты толтыруға міндеттелсін.
3. Сабақтар мен іс – шараларды ұйымдастыруда бала орталықтық тәсіл және құндылықтарға бағытталған тәрбие қағидалары күнделікті жұмыста қолданылсын.



Жакупова Г.З.

Шамишева А